

УДК 371.3

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕП ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУ

*Абдимоминова Д.К.,  
аға оқытушы, ҚМПИ  
Қостанай қ., Қазақстан  
Лисьев Г.А.,  
п.ғ.к., доцент, ЧМПУ  
Челябі қ., Ресей*

### **Аннотация**

*Мақалада жоғары педагогикалық мамандық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді ақпараттық-қатынастық технологияларды игерудің маңызы мен жолдары, әр түрлі бағыттары қарастырылған. Қазіргі қоғамдағы ақпараттық ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады.*

### **Аннотация**

*В данной статье представлены вопросы подготовки студентов педвузов по применению современных информационно-коммуникационных технологий в будущей профессиональной деятельности по различным направлениям.*

*Методический и практический анализ системы образования в современном обществе, а также обучение, направленное на решение проблемы обеспечения эффективного использования современных информационных технологий, рассматривается в данной статье как средство применения в учебном процессе.*

### **Abstract**

*This article presents the issues of preparation of students of pedagogical institutes on the application of modern information and communication technologies in the future professional activity in various areas.*

*Methodical and practical analysis of the education system in modern society, as well as training aimed at solving the problem of ensuring the effective use of modern information technology is considered in this article as a means of application in the educational process.*

**Түйінді сөздер:** *ақпараттық коммуникациялық технология (АКТ), мультимедиялық оқыту әдістері;*

**Ключевые слова:** *информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) педагогические инновации, мультимедийные технологии обучения.*

**Key words:** *Information and communication technologies (ICT), pedagogical innovations, multimedia technology training.*

### **1. Кіріспе.**

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады [1].

Өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады.

## **2. Талқылау.**

Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда.

Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану негізінде жүргізілуде.

Мемлекеттікті нығайту және ұлттық қызығушылықтардың дамуы мәселелерінде ақпараттық-қатынастық технологияларды енгізуді қолдану және кеңейтуде үлкен қажеттілік туындап отыр.

Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Осыған орай білім беруді ақпараттандыру үрдісін жетілдірудің басты мәселесі қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалануда мұғалімді даярлау.

Мұғалім, әдеттегідей, білім беру үрдісінің басты фигурасы болып қала береді, бірақ оның қызметі біраз өзгереді. Енді ол ақпарат қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының ұйымдастырушысы болып табылады. Әр мұғалім кез келген оқу пәнінен сандық оқу қорларын пайдалана отырып сабақ даярлап және оны өткізе алуы керек. Сондықтан АКТ саласындағы құзырлық, кәсіби педагогикалық қызметтің басты шарты болып табылады.

Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Оның ішіне компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, Интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады [2].

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының оқытуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде компьютер мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Сондықтанда, болашақ мұғалім іс - әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білумен қатар, кәсіби іс - әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс – құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер) қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;
- мультимедиалық және ақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде қолдану дағдысы.

Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Студенттердің жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін «клавиатурамен жұмыс, программа тізу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, тексттік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу» жүйелі түрде қа-

лыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуға. Адамдарды әртүрлі әлеуметтік ортада өмір сүруге дайындау үшін білім беру ісіндегі шығармашылық бастауды (креативтілікті) арттыру (дамыта білім беруді қамтамасыз ету), қазіргі білім беру жүйесіндегі академиялық жұртшылық білім беру жүйесін дамытудың маңызды және перспективалық, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтықтан оқыту әдістерін кеңінен енгізу керек екенін мойындап отыр[3].

Қашықтықтан оқыту болашақ 12 жылдық мектеп үшін елеулі білімдік мәні бар бірқатар қосымша мүмкіндіктерге ие болып отыр;

Жедел (кеңістіктегі және уақыт ішіндегі кедергілерді жеңу, өзекті тың ақпарат алу, жедел кері байланыс);

Ақпараттық (арнайы салалардағы білім ауқымының кол жетімділігі артады, тұтынушыға интерактивті веб-арналардың көмегімен жеткізіледі; телеконференцияларда, жөнелту тізімдерінде және интернет желісін басқа да құралдарында жарияланады);

Коммуникациялау (бір-бірімен электр желілерінің көмегімен жедел байланысатын оқуға қатысушы студенттердің, педагогтардың, мамандардың саны өседі; қатысушы интернет сабақтарды, жобаларды, олимпиадаларды өткізуге қойылатын шектеулер алынады.);

Педагогикалық (қашықтықтан жүргізілетін телекоммуникациялардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай оқыту бұрынғыдан гөрі интерактивті, технологиялық және дәлелді бола түседі, дараландырады; студент жұмыстарының желідегі жариялымдары, оларды сараптау мен бағалау жеңілдетіледі.);

Психологиялық (студенттің өзін таныту үшін дәстүрлі эмоциялық-психологиялық жағдайлармен салыстырғанда анағұрлым жағдайлар жасау; психологиялық кедергілер мен проблемаларды ашу, ауызша сөйлеудің кемшіліктерін жою);

Экономикалық (көлік шығыстарын, үй жайын жалға алуға кететін шығындарды үнемдеудің есебінен оқуға жұмсалатын шығындар 40 пайыз шамасында кемиді. Қағазбен іс жүргізу, оқу құралдарының таралымы азаяды.);

Мазмұндық құрылым болашақ мұғалімдер үшін келесі деңгейлер бойынша беріледі:

1. Іргелі. Бұл ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін мамандық деңгейлеріне сәйкес шешуге мүмкіндік беретін білім мен біліктіліктерді және дағдыны қалыптастыру.

2. Базалық. Оның мазмұны мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін өз қызметтеріне жан-жақты пайдалана білуімен анықталады.

3. Арнайы. Бұл әдістемелік мәселелерді шешумен анықталады.

Болашақ мұғалімдер үшін мазмұндық құрылым келесі деңгейлер негізінде анықталады:

1. Педагог мамандардың қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану бағытындағы элементарлы-бейімделген деңгейі. Бұл деңгейде келесі мазмұндар қарастырылады: компьютермен және оның құрылғыларымен жұмыс жасау техникасы; компьютерлік техниканы қолдану мүмкіндіктері; оқу процесіне қолданбалы программалық құралдарды қолдану дағдылары. Сонымен бірге келесі мәселелер де қарастырылады: білім беруді ақпараттандыруды нормативтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету; ақпараттық-коммуникациялық технологияны білім беру жүйесіне енгізудің тұжырымдамалық негіздері; білім беруді басқару жүйесіндегі ақпараттық технологиялар және т.б.

2. Қызметтік-ізденістік деңгей. Мұнда педагог мамандар ақпараттық технологиямен жұмыс жасау негіздерін практикалық түрде меңгереді. Сондықтан мұнда жұмыс орындарын автоматтандыру процесін құру технологиясы және мультимедиялық электрондық оқу құралдарын жасақтау алгоритмі сияқты мәселелер қозғалады. Сонымен бірге келесі сипаттағы мәселелер де қарастырылады:

- білім беруді ақпараттандырудың теориялық негіздері;

- білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

- болашақ педагог мамандардың біліктілігін көтеру жүйесіне ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін қолданудың психологиялық және дидактикалық шарттары;  
- ақпараттық технология негіздерін оқытуда жобалау және итерактивтік әдістерді қолдану негіздері;

- басқарудың ақпараттық жүйесін автоматтандыру моделі және оқу процестерін ақпараттандыруды дамыту технологиясы.

3. Жүйелік-шығармашылық деңгей. Мұнда келесі мәселелер қарастырылады: электрондық оқу-әдістемелік құралдарын жасақтау алгоритмі; автоматтандырылған жұмыс орнын жасақтау технологиясы: әлемдік ақпараттық кеңістікке ену мақсатында web-сайтты жасақтау; оқыту әдістерін жетілдіру және т.б.

Оқу процесінде пайдаланылатын мультимедиялық үйретуші программаларының, электрондық оқулықтардың өскелең өмір талаптарына сай дайындалып, компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалана алатындай деңгейде болуы керек. Бұл мәселе өз үлкен ғылыми ізденістерді талап ететін мәселе, сондықтан осы мәселе жөніндегі зерттеулер одан әрі жалғасуда[4].

Қоғамда ақпараттар жағдайында үздіксіз білім беру жүйесі мыналарға сүйенеді:

➤ Білім берудің сапасын арттыру, даму қарқынын күшейту және дербестендіру есебінен қоғам мүшелерінің ой-өрісінің даму деңгейін көтеру;

➤ өз бетінше білім алу мүмкіндіктерін кеңейту және міндетті емес білім беру жүйесінде қоғам мүшелерінің өз мамандықтарын қайта өзгерте алатындай жағдай туғызу.

Бағыт беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- методологиясын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;
- әдістерімен формаларын ұйымдастыру;
- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;
- педагог мамандардың интелектуалдық потенциалын дамытуға бағыттау;
- өз бетімен білім алу біліктілігін қалыптастыру;
- информациялық-оқу, эксперименттік-зерттеу қызметінің өз бетімен түрлі іс-әрекеттерін жүзеге асыру;
- тестілік, диагностикалық бақылау әдістерімен білім деңгейін бағалау.

Болашақта Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас коммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекоммуникациялық желіні құру және дамыту арқылы шешіледі. Олар:

- ақпараттық мәдениетті ұйымдастыру мен жеделдету процесін жоғары деңгейге жеткізу;
- жасалынған және дамып келе жатқан телекоммуникациялық желілерді біртұтас бүкіләлемдік информациялық кеңістікте интеграциялау;
- біртұтас ақпараттық кеңістікте әртүрлі деңгейдегі ақпараттармен алмасуды қамтамасыз ету;
- білім беруді дербестендіруді қамтамасыз ету, дистанциялық оқытуға мүмкіндік жасау.

### **3. Қорытынды.**

Қорыта айтқанда қоғамды ақпараттандыру жағдайында білім беру қызметкерлерінің біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналып отыр.

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бөлігі – білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, ол – білім беруде болашақ мұғалімдерді ақпараттандыру саласы бойынша білімдері мен

іскерліктерін көтеру болып табылады. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда болашақ мұғалімдердің білімі мен іскерліктерін арттыру ерекше мәнге ие.

#### **Әдебиет тізімі**

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі, автореф. – Түркістан: 2008. – 17.

Кручинина Г.А. Формирование готовности студентов педагогических специальностей к использованию новых информационных технологий в образовании и педагогической науке / Вестник Нижегородского.

Алейников В.В. Подготовка студентов к использованию компьютерных технологий в профессиональной деятельности. Дисс.на соискание ученой степени канд.пед.наук.– Брянск: 1998. – 242 с.